

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша алдағы және мерзімі өткен төлемдерді өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 14 сәуірдегі N 333

Қазақстан Республикасының шетел несие берушілері алдындағы міндеттемелерін орындау және дефолт фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар бұрын берілген мемлекеттік емес сыртқы заемдардың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1993 жылғы 4 мамырдағы N 26-14/110, 1993 жылғы 25 мамырдағы N 26-15/144, 1993 жылғы 25 мамырдағы N 26-15/145 берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктеріне сәйкес шетел банктері шоттарының негізінде дәрменсіз заемшылар үшін алдағы төлемдерді (қосымша), сондай-ақ есептелген айыппұл сомаларын төлем жасалатын күнгі бағам айырмасының өзгеруін есепке ала отырып, 1998 жылға арналған республикалық бюджетте "Өтеу шегерілген несиелендіру" бөлімі бойынша көзделген қаражаттың шегінде төлесін;

заемшылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды пайдалану жөніндегі қызметіне қаржылық тексеріс жүргізсін және оларды пайдалану тәртібін бұзушылық фактілері анықталған жағдайда кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапқа тарту мақсатында материалдарды құқық қорғау органдарына, соттарға берсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі

алынған қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылу жөнінде барлық қажетті шараларды қолдансын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 14 сәуірдегі
N 333 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар
мемлекеттік емес сыртқы заемдарды өтеу жөніндегі
алдағы төлемдердің

СОМАСЫ

Заемшы ұйым	Төлем валютасы	Төлем күні	Төлем сомасы
Германияның несие желісі			
"Ақ жол" МХК	DM	01.04.98	753 537,13
"Ақ жол" МХК	DM	01.04.98	497 644,57
Түркия несие желісі			
"Жеңіл өнер. кәсіп" МХК	USD	21.04.98	552 842,66
"Жеңіл өнер. кәсіп" МХК	USD	21.04.98	3 455 229,34
Барлығы:	DM		1 251 181,70
	USD		4 008 072,00

Негізгі борыш	Проценттер	Басқалары
Германияның несие желісі		
1. 675 818,05	77 719,08	
2. 446 318,00	51 326,57	

Түркия несие желісі			
3.	552 842,66		
4. 3 333 233,33		121 996,01	
5. 1 122 136,05	129 045,65		
6. 3 333 233,33	552 842,66	121 996,01	